



Committed to Excellence
KIMEP UNIVERSITY



SDU
SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

Lingua
LINGUA ЯЗЫК

**«ТІЛ-ҚҰРАЛ – ҚУАТТЫ КУШ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
29-сәуір 2016 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
международной научно-теоретической
конференции
«ЯЗЫК КАК МЯГКАЯ СИЛА»
29 апреля 2016 г.**

**MATERIALS
of International Scientific-theoretical Conference
«LANGUAGE AS A SOFT POWER»
April 29th 2016**

<i>Рұмянцева Е.В.</i> Репрезентация фонетики РКИ в этнометодическом контексте	183
<i>Сабитова Л.С., Каринова Л.К.</i> Қазақ және ағылшын халық ертегілеріндегі жануарлардың есімдері	187
<i>Сүттибаев Н.А., Түлеубаева Б.Б.</i> Teaching listening	192
<i>Сүттибаев Н.А., Түлеубаева Б.Б.</i> Жаңа педагогикалық технологиялардың оқу үдерісінде алатын орны және атқаратын қызметі	196

ТІЛ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРАЛЫМЫН ЖОСПАРЛАУ ЯЗЫК И ПЛАНИРОВАНИЕ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЯЗЫКА

<i>Акберди М.И.</i> Реализация программы триединства языков в системе образования Республики Казахстан	199
<i>Алдашева К.С.</i> Жаңа сөздерді қалыптастыру үдерістері: бекітілген терминдердің жалпы сипаты	200
<i>Аиляева М.Т., Ибраева Ж.К.</i> Виртуальный дискурс: языковые предпочтения в казахстанской сети интернет	204
<i>Баяндина С.Ж.</i> Қостілділік және тілді менгерудің әлеуметтік лингвистикалық негіздері	207
<i>Дошимова Н.М.</i> Phraseological units and their cultural function	210
<i>Жарқынбекова Ш.К.</i> Казахстанское интернет-пространство: языковое разнообразие и языковое планирование	212
<i>Жаутикбаева А.А., Абдуллаева Г.А.</i> Распространение знаний по иностранному языку путем повышения качества системы оценивания	216
<i>Искакова Г.Н.</i> Role of Prosody in Creating Speech Synthesis Systems	218
<i>Исламова Р.Х.</i> Реформирование образования и проблемы повышения качества обучения в Республике Казахстан	221
<i>Нарожная В.Д., Умиржанова С.К.</i> Адаптация терминов английского происхождения в русском языке	224
<i>Омарбекова Г.А.</i> Основные направления конвергенции казахского языка к глобальному английскому	227
<i>Страутман Л.Е., Гумарова Ш.Б.</i> The English language as a pass to the world community	230

ТІЛ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІНДЕГІ МӘЖБҮРЛЕУШІ ЖӘНЕ ҚОЗҒАУШЫ КУШ ПРИНУДИТЕЛЬНАЯ И ПОБУДИТЕЛЬНАЯ СИЛА МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКУ

<i>Аргынбаев А.Ж.</i> Students' Response to Learning Russian-English False Friends through Project-Based Learning	233
<i>Ахметова Г.С., Буркимбаева А.Б.</i> Бастауыш сынып оқушыларын шетел тілін оқытуда мультимедиалық құралдарды қолдану	236
<i>Aşur Özdemir</i> Üniversitelerde arap harfleri öğretilmeli midir?	241
<i>Баймуратова И.А., Гумарова Ш.Б., Сабырбаева Н.К.</i> Ағылшын тіліндегі заттанған етістікті тіркестердің түрлери және олардың қазақ тіліне аударылу жолдары	246
<i>Бейсекенова А.С.</i> Қазақ тілінің синтаксис саласы және сөз тіркесі технологиясын теориялық талдау әдістері	249
<i>Есимжанова М.</i> Turn Taking Study within Discourse Analysis	252
<i>Ешилов М.П., Дүйсенбаева Р.И.</i> Тіл үйренушілердің жазылым және оқылым дағдысын дамыту	253
<i>Жалалова А.М.</i> Дискурс интонациясының pragmalingвистикалық көрінісі	258
<i>Yildiz Naci</i> The Part of Innovation in Listening Understanding Abilities in Non-Local	262

underlined and students asked to decide what's missing and, once students know what they are looking for, searched for in other texts to underline themselves.

5. The same process is useful also for incomplete sentences where the speaker has changed direction mid-phrase or simply doesn't finish the phrase because he/she knows the listener has already understood the message.

6. Tapescripts are also very useful for pronunciation work – to mark stressed words, notice weak vowel sounds and locate falling pitch. Short extracts are best used for this to avoid overload.

We hope that our ideas will inspire teachers to have a go at a different approach to listening in their classrooms and have some effect on demystifying the listening process for learners. I believe with a systematic approach we can reduce some of the anxieties and frustrations students feel when they are faced with interpreting and responding to authentic spoken language and so help them become more active and effective communicators.

1. *Field J. (1998) Skills and Strategies: towards a new methodology for listening* ELTJ 52/2 Oxford OUP

2. *Goh C. (1997) Metacognitive awareness and second language listeners* ELTJ 51/4 Oxford OUP

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ АТҚАРАТАЫН ҚЫЗМЕТІ

Н.А. Сұттибаев, Б.Б. Тулеубаева

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

nurbahyt74@mail.ru

В данной статье рассматривается новая методика, которая является одним из инновационных технологий в обучении иностранному языку.

This article deals with new method which is one of the innovative technologies in learning the foreign language

Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, карқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және жаңа технологияларды жетілдіру болып табылады.

Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезектегі міндет жоғары білікті мамандарды даярлауды жетілдіру болып табылатын, оны айырықша сала ретіндегі түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беру қажет. Осы міндетті жүзеге асыруда жаңа педагогикалық технологиялардың алатын орны ерекше.

Жаңа технологияның білім кеңістігіне енуі – оның төменде келтірілетін тәуелсіз аксиомалардың барлық қағидаларын қанағаттандыра білуіне тығыз байланысты болып келеді. Аксиома жүйесі аксиомалардың үш тобынана тұрады. Оларға: педагогикалық технологияның еліміздің біртұтас білім беру кеңістік аясына қосылу аксиомалары; оқу үдерісінің үлгілерін жасау аксиомалары; оқу үдерісін жетілдіру аксиомалары. Әрбір аксиоматикалық топқа үш аксиомадан келеді. Қосылған аксиомаларының бірінші тобына:

- педагогикалық технологияның еліміздің білім беру кеңістігіндегі қажеттілік аксиомасы;
- педагогикалық технологияның «ұстаз» жүйесіне сәйкестік аксиомасы;
- пәндей әдістемелік жүйелерге қатысты педагогикалық технологияның универсалдылық аксиомасы.

Оқу үдерісінің үлгісін жасау аксиомаларының екінші тобына:

- оқу үдерісін параметрлеу аксиомасы. Мұндай кезде таңдал алынған параметрлер оқу үлгісін құрайды және ол өз кезегінде педагогикалық технологияның негізіне айналады.

Бірінші параметр – оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен бағыт бағдарлары жайындағы хабарларды кішігірім мақсаттар жүйесі бойынша береді «Мақсаттық бағдар».

Екінші параметр – кішігірім мақсаттарға жетудің немесе жете алмау фактілері жайындағы басқару хабарларын береді «Диагностика».

Ушінші параметр – диагностикадан ойдағыдай өтіп кетуді қамтамасыз ететін білім алушылардың өзіндік жұмыстарының сипаты, көлемі, ерекшеліктері жайындағы мазмұны және сандық хабарларды қалыптастырады «Дозалау».

Төртінші параметр – ол оқытушының әдістемелік ойларын оку үдерісінің тұтастық және логикалық көрнекілік үлгілеріне аудару жайындағы хабарлар «Логикалық құрылым». Бұл параметрдің оку үдерісі жағдайына байланысты сан-салалы хабарларды бере алатын қабілеті бар. Сондыктан да олар бұл параметрмен жұмыс істей білу ұстаздың технологиялық және педагогикалық шеберлік деңгейін танытады. Бұл параметр оку үдерісінің логикалық құрылымының жай ғана қөшірмесі емес, өйткені ол барлығы да технологиялық түрде көрініс табатын және белгілі бір технологиялық шаралар негізінде барынша жақсарып, үйлесімділік табатын жұмыс аймағы болып саналады. Бұл жердегі ұстаздың кәсіптік қызметін іс-жүзіндегі жүзеге асырылған технология деп бағалауға негіз бар сияқты.

Бесінші параметр – диагностикадан өтпеген педагогикалық кемшіліктер және түзетудің әдістемелік жолының мазмұны жайында хабарлар жеткізеді «Түзету».

- оку үдерісі үлгісінің тұтастығы мен оның циклдігі. Оку үдерісін технологияландырудың ең басты объектісі кез келген пәннің тақырыбы болуы керек. Оку тақырыбына белгінетін уақыт міндетті түрде заңдастырылуы қажет. Тек қана оку тақырыптарының жобасында бес параметрлердің көмегімен болашақ оку үрдісінің негізі қаланады және дәл осындағы оку тақырыбы ғана технологияландырудың циклділігін қамтамасыз ете алады. Сейтіп, біз кез-келген пән бойынша оку үдерісін жобалауға толық мүмкіндік ала аласыз;

- оку үдерісінің ақпараттық үлгісін технологияландыру аксиомасы. Оку үдерісінің ақпараттық үлгісін технологияландыру бір оку тақырыбының шенберінде оку үдерісі жобасының технологиялық картасын жасаумен тығыз байланысты болып келеді және мұнда оку үдерісінің жоғарыда аталып өткен барлық бес параметрлері толық қамтылады. Мұндай технология оқытушыны технологиялық картага сәйкес келетін барлық бес компоненттерді жобалаудың технологиялық шаралар жүйесімен қаруландыра алады. Ал технологиялық картаның ез басы тақырып бойынша жасалған оку үдерісінің төлқұжаты рөлін атқарады. Дәл осы сипаттарты оку үдерісінің жобасын одан әрі айқындау сабактың арнағы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық технологияның нәтижесінде болатын оку үдерісінің жобасын қалыпта келтіру аксиомаларының ушінші тобына:

- ұстаздың кәсіби қызметін технологияландыру аксиомасы. Бұл аксиоманың ең бірінші кезекте оқытушының кәсіби қызметінің теменде атап өтілетін компоненттеріне тікелей қатысы бар:

Бірінші компонент – оқутушының өзінің әдістемелік тәжірибесінің арқасында толық оку жылына арнап жасаған оку үдерісінің педагогикалық нұсқасын және мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын кішігірім мақсаттыр ретінде бере білуі. Ал осы айтылғандардың дер кезінде орындалуы кез-келген мамандықтың мемлекеттік білім беру стандартын ойдағыдай жүзеге асыруына себепкер болады. Кішігірім мақсаттардың бұл жүйесі саты түрінде көрініс таба алады, ал стандартқа әкеліп соғатын кішігірім мақсаттар бұл арада баспаңдақтар рөлін атқарады. Басқаша айтқанда, бұл- білім берудің мемлекеттік стандартын кішігірім мақсаттар тіліне көшіру деген сөз, ал дәл осы жердегі кішігірім мақсат – білім алушылардың танып-білу және даму баспаңдағы.

Екінші компонент – оқытушыдан, жобаның авторының педагогикалық шеберлік пен шығармашылықты талап етеді, өйткені бұл талап ете күрделі әдістемелік әрекет – дәстүрлі қолданыстағы тақырыптарды қайта қарau қажеттілігінен туындалап отыр. Шындығында да бүкіл оку жылына арналған кішігірім мақсаттар оку тақырыптарының арасындағы шекараны жойын жіберетін секілді. Осы жағдайдан кейін оқытушы жинақтаған тәжірибесі мен технологиялық жағдайларға арқа сүйей отырып, өзінің авторлық аңбек құрылымын насиҳаттай алады.

Үшінші компонент – ол технологиялық картаны жобалауды кәсіби тұрғыдан жүзеге асыра білу қабілеті. Бұл компонентті педагогикалық шеберліктің шыны деп бағалауға болады, ейткені оқытушы оку үдерісінің болашағына байланысты өзінің ойлары мен жоспарларын технологиялық картаның канондық реформасы ретінде елеестеді. Осы орайда мұндай кәсіптік қабілеттің өзінің мән-мағынасы жағынан өте күрделі, көп компонентті, интегративтік екендігін ерекше атап өтуіміз керек. Сондықтан да болар қалыптасқан бұл жағдай оқытушыдан жоғары дамыған рефлексияларды қажет етеді.

Төртінші компонент – ол сабактың акпараттық картасын жасауды кәсіби тұрғыдан жүзеге асыра білу. Өйткені сабактың инновациялық картасының жиынтығы белгілі бір пәннің тақырыбы үшін болашақ оку үдерісінің айқындалған жобасы ретінде қабылданады.

Бесінші компонент – ол екі педагогикалық объектінің кәсіби деңгейде салыстыра білу қабілеті. Олар: технологиялық карта мен сабактың инновациялық картасының жүйесі түріндегі оку үдерісінің жобасы мен сол сыныптағы оку үдерісінің нақты нәтижелері. Осы орайда мұндай салыстырулардың белгілі бір параметрлер мен технологиялық шарапарға сүйене отырып өткізілетіндігін атап өтуіміз керек сияқты. Мұндай салыстырулардың негізінде сол топтағы оқу-тәрбие жұмысының динамикасы мен диагностикасының нәтижелерін белгілеп отыратын мониторинг жатыр.

Қорыта келгенде, теория мен теория мен практикада оқытушылар оқыту іс-әрекетінен білім алушының танымдық іс-әрекетіне назар аударылады. Осыдан келіп, білім алушылардың оку жұмысын белсендіру, олардың оқып үйренуге деген талаптынысы, өзін-өзі кәсіби белсенділік қағидасын іске асыру талаптары туындаиды. Білім беру жүйесінің барлық буындарындағы белсенді оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оның формалары, әдістері мен кұралдары көмегімен дәстүрлі оқыту жүйесінде қол жеткізілуі қын болған бірқатар міндеттерді нәтижелі түрде шешуге болады. Мәселен, тек танымдық қана емес, сондай –ақ кәсіби мотивтер мен мұдделерді қалыптастыру, маманды жүйелі ойлауға тәрбиелеу: кәсіби іс-әрекет пен оның міндеттері туралы тұтас түсінік беру, ұжымбық ойлау мен практикалық жұмыска үйрету, өзара әрекет ету мен қарым-қатынас жасаудың, жеке және біріге отырып шешім қабылдаудың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және т.б. Мұның бәрі болашак маманды даярлаудағы қолданылатын жаңа педагогикалық технологияларға байланысты да болатынын айқындаі түстік.

1. Жансерикова А.Е. Проектная работа на занятиях иностранного языка // ИЯШ. – Алматы, 2004. – №3(09). – 23 с.
2. Ломакина Н.А. Проектирование как ведущее направление модернизации современного педагогического образования // «Вестник высшей школы». -2004. – № 1. – 54 с.
3. Комаров А.С. Творческий подход к планированию английского языка // ИЯШ. – 2003. № 4. – 12 с.
4. Гайтова Д.Э. Формирования коммуникативных умени у студентов ВУЗа на основе проектной технологии: Mag. Дисс. – Алматы, 2003. – 148 с.
5. Атаканов Р. Проекттік сабак – берері мол сабак // «Поиск/Ізденис».-2002. №4. – 220 с.
6. Қабықбаева Д.С. Тілдік жоғары оку орында студенттерді мәдениетаралық катысымға үйретудегі жоба технологиясын қолдану: Mag.дисс. – Алматы, 2009.